



## АЗАМАТТАРҒА БАРЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТІЛЕДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен су тасқынына қарсы шараларды үйлестіру және қарғын су жүру кезеңінің салдарын жою жөніндегі республикалық штабтың отырысы өтті.

— Биылғы қарғын су ауқымы жағынан соңғы 30 жылдағы ең ірі су тасқыны саналған 2012 және 2017 жылдардағы деңгейден асып кетті. Бұл нені білдіреді? Болжам жұмыстары мүлдем болмаған. Жағдай салалық мамандардың тапшылығынан туындап отыр. Егер әкімдіктер жыл сайын су тасқынына қарсы жоспарланған барлық іс-шараны тиісті деңгейде жүзеге асырғанда, ауа райы жағдайын ескергеннің өзінде, апаттың салдары мен ауқымы мұншалықты болмас еді. Соған қарағанда, әкімдіктер бұл жұмыстармен айналыспаған. Қазір су тасқынынан төнетін қауіп сейілді деуге келмейді. Сондықтан Ішкі істер министрлігінің, Ұлттық ұланның, Қарулы күштердің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің барлық күші мен құралын, оның ішінде кадр-

лық және техникалық ресурсын барынша жұмылдыру қажет. Сонымен қатар еріктілерді, жәрдем бергісі келетін азаматтарды тарту керек. Алайда ең бастысы — мемлекеттік органдар. Ахуал кез келген сәтте ұшығып кетуі мүмкін. Қазіргі басты міндет — адам шығынына жол бермеу. Бұл орайда жіберілген қателіктер мен олқылықтарды ескеруіміз қажет, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке, құзырлы мемлекеттік органдарға және облыстардың әкімдеріне бірқатар тапсырма берді.

— Су тасқынынан зардап шеккен адамдарға тиісті барлық көмек көрсетілісін. Бұл мақсатқа Үкіметтің және әкімдіктердің резервін ғана емес, «Қазақстан халқына» қорының қаржысын да пайдалану қажет. Осындай жауапты

сәтте еліміздегі бизнес өкілдерін халыққа қол ұшын созуға шақырамын. Апаттан зардап шеккен азаматтарға және аймақтарға барынша қолдау көрсету керек. Бұл — дәл қазіргі кезеңде баршаға ортақ міндет. Қарғын судан қатты шығынға ұшыраған батыс аймақтарда ірі кәсіпорын көп. «Самұрық-Қазына» қорына қарасты компаниялар, жер қойнауын игерушілер бар. Олар халыққа жәрдем беріп, бүлінген инфрақұрылымды қалпына келтіруге атсалысады деп сенемін, — деді Мемлекет басшысы.

Президент су басқан аймақтарда әлеуметтік маңызы бар қызметтер мен азық-түлік бағасының өсуіне жол бермеу мәселесіне Үкімет назарын аударды.

(Жалғасы 2-бетте)

## ҚАРУЛЫ КҮШТЕРДІҢ ЖАУЫНГЕРЛІК ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУ МАҢЫЗДЫ

Мемлекет басшысы Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықовты қабылдады.



Президент — Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа армияның жауынгерлік дайындығының жай-күйі туралы баяндалды.

Руслан Жақсылықов әскери бөлімшелердің жедел іс-қимылдарға және жауынгерлік дайындығы, басқару органдары мен жеке құрамды оқытуға бағытталған негізгі күш-жігер жөнінде айтты. Сонымен қатар Қарулы Күштердің дағдарыс жағдайында, оның ішінде қазіргідей су тасқынына қарсы күрес кезінде орталық және жергілікті билік органдарымен тиімді байланыс орнатуы маңызды екеніне назар аударылды.

Президентке Қарулы Күштерді заманауи техникамен және қару-жарақпен жарақтандыру, аумақтық қорғаныс әскерлерін күшейту, әскери инфрақұрылымды жетілдіру ісі жөнінде мәлі-

мет берілді. Қазақстанның ШЫҰ мен ҰҚШҰ-ға төрағалығы аясында 2024 жылға жоспарланған шаралар, сондай-ақ ауқымды оқу-жаттығу жиындарын, оның ішінде халықаралық деңгейдегі іс-шаралар өткізу жайында айтылды.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысына ведомствоның жауынгерлік-патриоттық тәрбие беру, көктемгі мерзімді әскери қызметке шақыру, әскери қызметшілердің әлеуметтік мәртебесін және әскери қызметтің беделін арттыру жұмыстары туралы баяндалды.

Президент БҰҰ аясында Голан жоталарындағы қазақстандық бітімгерлік контингент қызметінің маңызды екенін атап өтті.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев министрге Қарулы Күштердің жауынгерлік әлеуетін одан әрі арттыру жөнінде бірқатар міндет жүктеді.



## ТАҒАЙЫНДАУ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Әлихан Асханұлы Смайылов Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының Төрағасы лауазымына тағайындалды.

## СУДЫҢ ДА «СҰРАУЫ» БАР

Еліміздің он облысын су басты. Бірнеше елді мекен еріген қар суының астында қалып, дүниемүлік пен төрт түлік суға кетті. Белуарынан суда тұрған баспаналардың қаншасы қайтадан тұруға жарайтыны әзірге белгісіз. Әзірге адам шығынына жол бермеу ісі алдыңғы орында тұр.



Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 30 наурыз күні ҚХР-ға жұмыс сапарынан оралысымен шұғыл кеңес өткізді. Премьер-Министр Олжас Бектенов бастап, Үкімет мүшелері, Президент Әкімшілігінің басшылығы және басқа да лауазымды тұлғалар қатысқан жиында бірқатар өңірде болған төтенше жағдай егжей-тегжейлі қаралды. Қасым-Жомарт Тоқаев зардап шеккен облыс тұрғындарына үлкен көлемде шығын келуіне байланысты өкініш білдірді. Қалыптасқан жағдайға байланысты ел азаматтарынан кешірім сұрап, барлығына көмек көрсетілетінін айтты.

Шынында да, жағдай аса жақсы емес. Үкімет берген мәліметке қарағанда, еліміздің он облысында су басу қатері төнген. Бірнеше ауданда төтенше жағдай жарияланды.

(Жалғасы 4-бетте)

## ҚЫМБАТШЫЛЫҚ ҚИЯҒА ТАРТЫП БАРАДЫ

Қазақстанда қымбатшылық бой беретін емес. Ұлттық статистика бюросы бағалардың тоқтаусыз көтеріліп бара жатқанын кезекті рет тіркеді. Барлық бағаны құрықтай алмасын түсінген Үкімет енді тек халықтың кедей топтары көп тұтынатын тамақ өнімдерін қымбатшылықтан құтқарып қалуға күш салмақ. Осы мақсатта әлеуметтік маңызды азық-түлік тауарларының бағасын шектен тыс көтергендерге жаза қатайтылатын болды.



### 10 ӨНІРДІ ҚЫМБАТШЫЛЫҚ ЖАЙЛАДЫ

1 сәуірде Ұлттық статистика бюросы инфляцияға қатысты өткен айды қорытындылаған есебін жария етті. Жағдай мәз емес көрінеді: еліміздегі инфляция 2024 жылғы наурызда, жылдық мәнде 9,1% болды. Бұл 2024 жылғы ақпандағыдан (9,3%) шамалы аз. Әйткенмен бұл қымбатшылықтың тұсауланбағанын білдіреді. Статистика мамандары түзген инфляция графигі бір биік таудан екіншісіне өрмелеп бара жатқан альпинисті елестетеді, бірақ оның «өрмелеп шығып, кім болатыны» белгісіз. Сонымен өткен наурыз айында ақылы қызметтердің бағасы 13,2%-ға (2024 жылғы ақпанда — 12,8%), азық-түлік емес тауарларға — 8,2%-ға (ақпанда — 8,5%), азық-түлік тауарларға — 6,9%-ға (ақпанда — 7,4%) өсті.

(Жалғасы 5-бетте)

## ЕСТЕ ДЕ, ЕСЕПТЕ ДЕ ЖОҚ ЕСКЕРТКІШТЕР



6  
БЕТ

## «КҮЙЕУІҢІЗДІ САТЫҢЫЗШЫ...» — МҰҢЛЫ КОМЕДИЯ



8  
БЕТ

# АЗАМАТТАРҒА БАРЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТІЛЕДІ

(Басы 1-бетте)

— Су тасқыны мен өртке қатысты жағдай жыл сайын қайталанатын. Жауапты органдар мен салалық қызметтердің (Қазсушар, Қазгидромет) жобалау, сараптама жасау жұмыстары нашар ұйымдастырылған. Тиісті шаралар, негізінен, жағдай орын алғаннан кейін немесе толыққанды болжам жасалмай қабылданады. Сондықтан бізге дағдарыс жағдайларын болжаудың нақты тетігі өте қажет. Цифрлық даму министрлігі Экология, Су ресурстары және Төтенше жағдайлар министрліктерімен бірлесіп жыл соңына дейін барлық ықтимал төтенше жағдайларды (су тасқыны, өрт және тағы басқа) модельдеуге, тиісті болжамдар, ұсынымдар мен іс-қимыл жоспарын жасауға мүмкіндік беретін ақпараттық жүйе әзірлеуге тиіс. Айтпақшы, Үкімет пен жергілікті атқарушы органдар, ең алдымен, облыстардың әкімдері жазғы маусымға да дайын болуы қажет. Өрт немесе басқа да табиғи апаттардың болуы әбден мүмкін. Қазіргідей қамсыз отырмай, алдын ала әрекет ету керек. Су тасқынын көргенде, көктен түскендей абдырап қалдыңыздар. Осы ретте еліміздің шығыс өңірлеріндегі су тасқынын модельдеу жөніндегі ТЖМ мен «Қазақстан Ғарыш Сапары» ұлттық компаниясының бірлескен жұмыс тәжірибесін қолдануға болады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қарғын суды ауыл шаруашылығы қажетіне жарату үшін жоспар әзірлеу және пәрменді шаралар қабылдауды тапсырды. Оның айтуынша, әкімдіктер еріген қар суын елді мекендерден өзен арналарына немесе тоғандарға бұру жұмыстарын жүргізуі керек. Мемлекет басшысы Үкімет бекіткен Су ресурстарын басқару жүйесін дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырым-



дамасын сынға алды. Оның пікірінше, тұжырымдаманы жүзеге асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары декларативтік сипатқа ие. Құжат су тасқыны салдарынан болатын шығынның алдын алу және азайту мәселесін кешенді түрде шешуге мүмкіндік бермейді. Сондықтан тұжырымдаманы қайта қарау жөнінде міндет жүктелді.

— Құзырлы мекемелер, яғни әкімдіктер, Төтенше жағдайлар министрлігі, Су ресурстары министрлігі бірлесіп жұмыс істемейді. Жауапкершілік алудан қашады. Жұмысты бір-біріне сілтеп отырады. Жағдай осылай жалғасатын болса, тиісті қызметкерлерді лауазымынан босату қажет. Ең басты критерий — мемлекеттік қызметшілердің тиімділігі. Мемлекеттік органдар және



әкімдіктер арасында нақты әрі тұрақты байланыс алгоритмі жоқ. Тиісті министрлік еліміздің табиғи апаттарға дайындығын қадағалап отыруы қажет. Бұл — министрліктің негізгі мақсаты. Осы

мәселеге баса назар аудару керек. Министрлік гидротехникалық және басқа да маңызды нысандардың жағдайын тексеріп, шынайы мәлімет беріп отыруға тиіс, — деді Президент.

Мемлекет басшысы су тасқыны мәселесі бойынша халықаралық тәжірибені, өзге елдердің қарғын суды қалай игеретінін мұқият зерттеу қажет екенін айтты.

Жиын барысында Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде су ресурстары, ирригация салалары бойынша техникалық мамандардың тапшылығына назар аударды. Осыған қатысты Үкіметке шұғыл түрде шешім қабылдауды тапсырды.

— Тағы да қайталап айтамын. Тасқынның алдын алу ісіне әрбір лауазым иесі тікелей жауап беруге тиіс. Сіздердің жұмыстарыңызды немқұрайды және кәсіби міндетке сай келмейді деп бағаладым. Соның салдарынан азаматтарымыз үлкен материалдық шығынға ұшырады. Олар денсаулығы мен әл-ауқатына зиян келтіретін тұрмыстық қолайсыздықтарға тап болды. Әрине, мемлекет шығынды өтеу үшін шаралар қабылдайды. Азаматтарға айтарым, алаңдамаңыздар. Мемлекет, сондай-ақ кәсіпкерлер барлық шығынды өтеп береді. Бірақ қаржылық және саяси шығындар орасан зор. Оны да ескеру керек. Сондықтан Үкіметке жүктелер жұмыс көп. Қысқасы, талап қатаң болады, — деді Президент.

Отырыс барысында Премьер-Министр Олжас Бектенов, Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов, Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаров, Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиев, Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақалов, Шығыс Қазақстан облысының әкімі Ермек Көшербаев, Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Ғауез Нұрмұханбетов, Ұлытау облысының әкімі Берік Әбдіғалиұлы және Абай облысының әкімі Нұрлан Ұранхаев баяндама жасады.



## СЕНАТОРЛАР АЙМАҚТАРҒА БАРДЫ

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев палата бюросының отырысын өткізіп, су тасқынының салдарынан өңірлерде қалыптасқан жағдайға байланысты сенаторлардың алдында тұрған негізгі міндеттерді белгілеп берді. Сондай-ақ іс-шара барысында депутаттар 3 сәуір күні өтетін Сенат отырысының күн тәртібін бекітті.

Мәулен Әшімбаев өз сөзінде жағдайдың күрделі екеніне назар аударып, әріптестерін проблеманы шешуге ықпал ету және алдағы уақытта мұндай оқиғаның қайталануына жол бермеу үшін күш жұмылдыруға шақырды. Сондай-ақ ол бұл мәселе Мемлекет басшысының ерекше бақылауында екенін айтты.

«Еліміздің бірқатар өңірінде күрделі жағдай қалыптасып отыр. Қарғын су елді мекендерді басып, жолдар мен көпірлерді шайып кетіп жатыр. Осыған байланысты Мемлекет басшысы Үкімет пен жергілікті атқарушы органдарға төтенше жағдайға қарсы тұру және оның зардаптарын жою жөнінде нақты тапсырмалар берді. Президентіміз басты міндет адам шығынына жол бермеу екенін баса айтты. Мұндай қиын жағдайда мемлекет азаматтарды жалғыз қалдырмай, қолдау көрсететіні анық. Барлық зардап шеккендерге жан-жақты көмек көрсетіледі», — деді Сенат Төрағасы.

Сонымен қатар палата Спикері өңірдегі тұрғындарға қолдау көрсету үшін Сенат пен мәслихаттардың үйлесімді жұмыс істеуі маңызды екенін атап өтті.

«Қазірдің өзінде бірқатар сенатор өңірлерге барып, жергілікті жерлерде атқарушы органдарға қолғабыс көрсетіп жатыр. Алдағы уақытта біз осы бағыттағы кешенді жұмысты күшейтіп, мәслихат депутаттарымен бірге жергілікті жерлердегі проблемаларды шешудің тиімді жолдарын іздеуіміз керек», — деді Мәулен Әшімбаев.

Палата отырысының бекітілген күн тәртібіне сәйкес сенаторлар алдағы сәрсенбіде «Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде ғылыми дәрежелер туралы құжаттарды өзара тану туралы келісімді ратификациялау туралы» заңды қарайды. Бұл Құжат ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер азаматтарының ғылыми дәрежелерін еңбек көші-қоны шеңберінде бес елдің аумағында тануды көздейді.

Осылайша, ЕАЭО елдерінің аумағында жұмысқа орналасқан жағдайда философия докторы (PhD), бейінді доктор, ғылым кандидаты және ғылым докторы сияқты ғылыми дәрежелер растаусыз танылады.

Одан бөлек, палата отырысында «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Министрлер Кабинеті арасындағы авиациялық іздестіру және құтқару саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» заң қаралады.

Заң Халықаралық азаматтық авиация ұйымының стандарттары мен ұсынылған тәжірибесіне сәйкес апатқа ұшыраған әуекемелерінің жолаушылары мен экипаждарын іздеу және құтқару үшін мемлекеттер арасында ынтымақтастық орнатуға мақсат тұтады.

Сондай-ақ бюро отырысында Мәжілістен келіп түскен заңдар Сенаттың тұрақты комитеттеріне бөлініп берілді.

## ҚОЙМАЛАР ҚАНША КӨЛЕМДЕ СУ ҚАБЫЛДАЙДЫ?

Қазір Қазақстанның су қоймалары ашық ақпарат көздеріндегі мәліметке сәйкес, 25,6 текше шақырым су қабылдай алады. Су қоймаларына осы уақытқа дейін 63 текше шақырым су жиналды, бұл наурыз айының басындағы көрсеткіштен 2,9 текше шақырымға артық.

Мәселен, Ақтөбе су қоймасына екі тәулік ішінде (27-29 наурыз аралығында) 200 млн текше метр су түсті, яғни су қоймасының жалпы көлемінің 75%-нан артық. Төтенше жағдайдың алдын алу және халықты уақтылы эвакуациялау үшін су қоймасында ең жоғары деңгейден 15 миллион текше метрге артық су жинау туралы шешім қабылданды. Қазір Ақтөбе су қоймасындағы су деңгейі тұрақтандырылды.

Бүгінде Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі өзендердің бассейндеріндегі су қоймалары суару кезеңіне дайындалып жатыр. Елдің орталық, солтүстік, батыс және шығыс өңірлерінде тасқын суын қауіпсіз өткізу жұмысы жүріп жатыр, су қоймаларының жұмыс кестесі туралы Төтенше жағдайлар департаменттері мен жергілікті атқарушы органдар сағат сайын хабарлар етіледі.

«Жедел ден қою мақсатында біз күнделікті мониторинг жүргіземіз және әкімдіктер мен



ТЖД-ны хабарлар етеміз. Тобыл-Торғай бассейнінің (Қостанай облысы) ірі су қоймалары 550 млн текше метрден астам су қабылдай алады», — деді СРИМ Су шаруашылығы комитеті төрағасының орынбасары Гүлмира Имашева.

## ВОЛОНТЕРЛЕР ФРОНТ-КЕҢСЕСІ ЖҰМЫС ІСТЕП ТҮР

Өңірлердегі су тасқыны жағдайы Мемлекет басшысының бақылауында. Ұлттық волонтерлер желісі жедел штабының жұмысы аясында еліміздегі 20 аймақтың әрқайсысында өңірлік волонтерлер фронт-кеңсесі базасында call center құрылды.

Зардап шеккендерге көмек көрсетіп, волонтерлерді бөледі үйлестіру үшін бірыңғай байланыс нөмірі (+7 708 706 4242) жұмыс істеп тұр. Қауіпті аймақтарда орналасқан өңірлерде гуманитарлық көмек жинау пункттері ұйымдастырылды.

Ақтөбе, Қостанай, Батыс Қазақстан және Ақмола облыстарында еріктілер зардап шеккен аумақтарды қалпына келтіру, жинау, халыққа эвакуация пункттерінде уақытша тұру сияқты шараларды ұйымдастырумен айналысуда. Олар гуманитарлық көмек пункттерін ашып, сақтық шаралары туралы халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын да жүргізіп жатыр.



# МӘЖІЛІС ДЕПУТАТТАРЫ ЗАРДАП ШЕККЕН ӨҢІРЛЕРДЕ ЖҮР

Жұма, 29 наурыздан бастап Мәжіліс депутаттары су тасқынынан зардап шеккен аймақтарға барды. Бүгінде мәжілісмендер Ақмола, Ақтөбе, Ұлытау, Қостанай және Батыс Қазақстан облыстарында жүр. Депутаттар халықпен кездесіп, қажетті көмек көрсетуді қадағалауда. Еріктілердің жұмысын үйлестіріп, қажет болған жағдайда гуманитарлық көмектің жеткізілуін қамтамасыз етуде.



Мәжіліс депутаттары Айна Мүсірәлімова мен Юлия Кучинская Ақмола облысындағы Қоянды кенті мен Көкшетау қаласында болып, су тасқыны жағдайымен танысты, жедел штабтарды аралап, өңір тұрғындарымен кездесті.

— Әрине, қазір басты міндет — адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Азаматтардың материалдық шығынын мүмкіндігінше азайту. Ол үшін Төтенше жағдай, Қорғаныс, Ішкі істер министрліктері мен әкімдіктердің күштері жұмылдыры-

лып, елді мекендердің тұрғындарынан құралған еріктілер жұмыс істеп жатыр. Жедел штабтар, ақпарат алмасу үшін және қажеттіліктер туралы өтініштер жіберу үшін арнайы чаттар құрылды, — деді Юлия Кучинская.

Жұма күні Мәжіліс депутаттары Мақсат Толықбай, Қазыбек Әлішев пен Асқар Садықов Ақтөбе облысына барды. Олар Қобда ауданының тұрғындарымен кездесті. Мақсат Толықбай ауылды су басу жыл сайын қайталанатынын атап өтті.

— Былтыр да ауылды су басқан. Ол кезде біз осында келген едік, мемлекеттің көмегімен зардап шеккендерге арналған бірнеше үйді қалпына келтірдік. Бірақ тиісті қорытынды жасалған жоқ. Биыл сол үйлердің шатыры ғана көрінеді. Барлығы су астында қалды, — деді Мақсат Толықбай.

Сонымен қатар депутаттар Ақтөбе қаласындағы жағдайымен де танысты.

Сенбі күні Мәжіліс депутаттары Аманжол Әлтай мен Ерболат Сатыбалдин Ұлытау облысының Жезді ауылына барды. Мәжілісмендер су тасқынынан зардап шеккен тұрғындармен кездесіп, жергілікті жердегі ахуалмен танысты, сондай-ақ зардап шеккен үйлерді аралады. Үйлердің көбі қалпына келтіруге келмейді.

— Су астына кеткен үйлер мен ауаларды араладық. Залалдың орнын толтыру және салдарын жою үшін қажетті қаражат бөлінеді. Жарамсыз болып қалғандардың



орнына жаңа үйлер салу мәселесін қарастырамыз, — деді Аманжол Әлтай.

Сенбі күні Мәжіліс депутаттары Нартай Сәрсенғалиев пен Сергей Пономарев Батыс Қазақстан облысында болып, су тасқынынан зардап шеккен Теректі ауданы Аңқаты ауылының тұрғындарымен кездесті.

— Біз аудан әкімдігімен бірге комиссия мүшелері су басқан үйлердің жай-күйін барынша тез және объективті бағалау үшін жұмыс істейтін боламыз. Жағдай толығымен тұрақталмайынша, біз ауыл тұрғындарының қасында боламыз және жағдайды бақылауда ұстаймыз, — деді Нартай Сәрсенғалиев.

Мәжіліс депутаты Еркін Әбіл Арқалық қаласының тұрғындарымен кездесті. Мәжілісмен су тасқынының салдарын жою жұмыстары әлі де жалғасып жатқанын атап өтті.

— Жағдай мемлекет бақылауында, қазір ахуал тұрақталды, бірақ үйлер су астында қалды. Салдарын жою бойынша жұмыс жалғасуда. Барлық залал өтелетін болады, — деді депутат.

Сондай-ақ Еркін Әбіл Қостанай облысының Амангелді және Жангелдин аудандарында болып, жергілікті тұрғындармен кездесіп, зардап шеккен үйлерді аралады. Одан әрі депутаттар облыс орталықтарына баруды жоспарлап отыр.

## КҮШ – БІРЛІКТЕ!

Ақтөбе облысы мен қалалық мәслихаттарының «AMANAT» фракциясының мүшелері су басқан аулалар мен көшелерге құм төсеу, су бұру, су сору, жолдарды қарсуынан тазарту жұмыстарына атсалысып жатыр.

Депутаттар төтенше жағдай кезінде жергілікті атқарушы орган өкілдерімен бірге қаланың шеткі бөлігіндегі тұрғын алаптары мен елді мекендердегі су басқан аумақтарды аралап, тұрғындардың дер кезінде көмек алуына көмектесуде.

Мәселен, қаладағы Қызылжар-3 ауылына қауіп төнгенде ер-азаматтар тұрғындарға көмек көрсетіп, бірнеше үйді тасқын судан аман алып қалды. 41-разъезд маңындағы су ағынын бұрып, құм төсеу, бөгет қою, су соратын сорғылар мен көліктердің жұмыста-

рын бақылап, түнімен кезекшілікке шықты. Халық қалаулыларының кейбірі өз қаражатына құм түсіріп берсе, бірі сырттан келген суды бұру жұмыстарына атсалысты. Тағы бірі су келген аумақтарды қаптармен жабу жұмыстарына бел шеше араласуда.

Төтенше жағдай жарияланғанға облыстық мәслихат депутаттары Қарғалы және Елек өзендеріне жақын орналасқан аумақтардағы бау-бақша ұжымдарын аралап, тұрғындарды қауіпсіз жерге көшіруге үндеді. Олар түні бойы

облыстық ТЖД қызметкерлері, еріктілер мен белсенді азаматтармен бірге тұрғындарды қабылдау пунктеріне орналастырды. Бірақтар депутаттар мектептерде орналасқан қабылдау пунктеріне қажет заттар мен азық-түлік түрлерін жеткізіп берді.

Сондай-ақ депутаттар 11, 12-ші шағын аудандағы Сазды өзені аумағында жұмыс жасаған құтқарушыларды, әскерилер мен жұмысшыларды ыстық тамақпен қамтамасыз етті. Депутат Құлшат Масалимованың айтуынша, су тасқыны кезінде халықтың ауыз-біршілігі, құтқарушылар мен әскерилердің, еріктілердің тынымсыз еңбегі көрінуде.

Облыстық мәслихат депутаты Құлпаршын Айдарханова екі бірдей жүк көлігі мен топырақ тасытып аулаларын су басқан тұрғындардың үйлерінің ауласын құрғату ісіне белсене араласуда. Ақтөбе облыстық мәслихатының депутаты, «Анвар» ЖШС директоры, меценат Талғат Салфиқов 26 орта мектеп пен М.Арын атындағы Қарғалы казак орта мектебінде орналасқан тұрғындарға азық-түлік, қажетті тұрмыстық заттар мен аяқкиімдер жеткізіп беруде.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, жергілікті депутаттар мен «AMANAT» партиясы мүшелерінің бірлікте іс тындырып жатқанына тұрғындар ризашылықтарын білдіруде.



## ГУМАНИТАРЛЫҚ КӨМЕК ЖӨНЕЛТІЛДІ

«AMANAT» партиясы Қостанай облыстық филиалы Арқалық қаласы, Амангелді, Жангелді аудандарында зардап шеккендерге гуманитарлық көмек жинап жіберді.



Жалпы көлемі 20 тонна болатын ауыр жүк көлігіне жанашыр жандар жана киімдер, 4 тонна картоп, 1 тонна су, 6 тонна ұн, жарты тонна пияз, 350 литр құнбағыс майы, 500 келі макарон өнімдері, 200 келі күріш, жеке гигиена заттары, резенке етіктер, жастық, төсек-орындар тиіп жіберді.

«Еліміздегі су тасқыны бәріміз үшін өте қиын жағдай болғаны сөзсіз. Біздің тарапымыздан бүгін депутат болып, белсенділер мен партия жастары болып көмек жіберіуде. Қолдан келгенше халықпен бірге болу — «AMANAT» партиясының мүшелері мен депутаттарының парызы», — дейді жергілікті халық қалаулылары.

Гуманитарлық көмек көрсету жарияланған сәттен бастап қолын созғандар қатарында облыстық мәслихат депутаттарынан бөлек, белсенділер де бар. Олардың күш біріктіруінің арқасында 1 миллион теңгеден астам қаражат жиналып, азық-түлік сатып алыну үстінде. Сондай-ақ гуманитарлық көмекке сүбелі үлесін қосқандардың қатарында SV TRANS LOGISTIK ЖК басшысы Валерий Суаренко, «Аква Арасан» ЖШС басшысы Игорь Генн, «ОРТ» ЖШС-дан Айтжан Есенгельдинов, «Карасу астық» ЖШС басшысы Амир Турсунов, «Жана өмір — 2012» ЖШС-дан Аслан Дабылов және «Мир одежды» дүкенінің қызметкерлерін ерекше атап өтуге болады.

Қостанай облысында «AMANAT» партияның өңірлік филиалының, аумақтар бөлімшелерінің төрағалары мен атқарушы хатшылары, партиялық бақылау комиссиясының мүшелері, облыстық, аудандық мәслихаттағы депутаттық фракция мүшелері, «Жастар Рухының» еріктілері су басқан аумақтарда атқарылып жатқан жұмыстарға белсенді араласуда.

## АТЫРАУДА БАСТАУЫШ ПАРТИЯ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ФОРУМЫ ӨТТІ

«AMANAT» партиясы Атырау облыстық филиалы бастауыш партия ұйымдарының форумы өтті.



Жиында партияластар сайлауды бағдарламаның орындалу барысын талқылап, халықты талап-тілектерінің шешілуі, партиялық жобаларды жүзеге асырудағы тәжірибелерімен бөлісіп, алдағы партиялық жұмыстың мақсат міндеттерін пысықтады.

Облыстық партия филиалының төрағасы Абдолла Идресов жиында партияның негізгі күші боп саналатын бастауыш ұйымдардың рөлі, сайлау науқандарындағы партияластардың қолдауына ерекше тоқталып өтті. Атырау облыстық мәслихатының депутаты, «Бірлік» БПҰ-ның төрағасы С.Идресов сайлаушылармен тығыз байланыс орнатуда бастауыш партия ұйымдарының рөліне ерекше тоқталып өтті.

— «2023 жылы азаматтардан 1 055 өтініш келіп түсті. Негізгі

сұрақтар оқуға қабылдау ережесі, жатақханаға орналасу, оқу ақысына жеңілдіктер, басқа жоғары оқу орындарына ауысу, магистратураға түсу, академиялық демалыс, өтініш журналға тіркеліп, тиісті жауап берілді. Барлық сұрақтар шешімін тапты», — дейді Саламат Идресов.

Облыстық партия филиалының төрағасы Абдолла Идресов, «Бүгінде облыста 106 бастауыш партия ұйымына біріккен 27 мыңнан астам жуық мүшесі бар. Партиялықтардың халықпен тығыз қарым-қатынас орнату міндеті өз нәтижесін беруде. Соңғы екі айдың қорытындысы бойынша өңірде қоғамдық қабылдауға келіп түскен өтініштің 40 пайызы оң шешімін тапты», — деп атап өтті. Ал «Қарызыз қоғам» жобасы аясында дәл қазірге дейін облыстың 1 037 азаматы қаржылық сауаттылығы

ғын арттырған. Атырау облысында «Ауыл аманаты» жобасы бойынша ауыл тұрғындарына 1,5 млрд теңгеден аса сомада 192 тұлғаға мақсатты несие берілгендігі де айтылды. Сонымен қатар партияның «Жер аманаты» жобасы аясында 2023 жылға дейін өңірде пайдаланылмай жатқан жалпы көлемі 470 мың гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылмақ. Бүгінгі күні жекеге заңсыз өткен 225 мыңнан аса гектар жер телімдері мемлекетке қайтарылғандығы белгілі болды.

Ал бастауыш партия ұйымының төрағасы Мәди Бексейітов «Доссормұнайгаз» партиялық жобаларды іске асыру аясындағы тәжірибесімен бөлісті.

Форум соңында 2023 жыл қортындысы бойынша 9 бастауыш партия мүшелеріне алғысхат табысталды.



Дайындаған Берік БЕК

# СУДЫҢ ДА «СҰРАУЫ» БАР

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы су тасқынына қарсы уақытылы шара қабылдамағаны үшін Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Склярға, Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітовке қатан сөгіс берді. Одан бөлек, Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаровқа, Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақаловқа, Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиевке қызметтік міндеттеріне толық сай келмеуіне байланысты ескерту берілді. Ал Атырау облысының әкімі Серік Шәпкенов, Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов, Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев, Павлодар облысының әкімі Асайын Байханов және Абай облысының әкімі Нұрлан Ұран-хаевқа қатан сөгіс жарияланды.

## ДАЙЫНДЫҚТЫ ЕРТЕ ПЫСЫҚТАП ЕДІ...

Біздің елде жыл сайын көктем шыға сай саланы су басып, әбiгерге салатыны жанадық емес. Десе де, биылғы дайындық бөлек көрінген. Себебі ақпан айының 20-ы күні арнайы Үкімет отырысы өтіп, су тасқынына қарсы дайындық пысықталған. Сол жиында Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов, Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев, Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов пен Көлік министрі Марат Карабаев баяндама жасады. Сондай-ақ Шығыс Қазақстан, Ақтөбе және Атырау облыстарының әкімдері алдағы су тасқыны кезеңіне дайындық шаралары туралы мәлімет берді.

Премьер-Министр Олжас Бектенов барлық мәліметті тыңдап, өңірлерде су тасқынына қарсы тиісті шаралар толық көлемде қабылданбай отырғанын айтқан. «Барлық 218 іс-шараның 92-сі осы уақытқа дейін орындалмай отыр. Жұмысқа бұлайша селқос қарауға болмайды», — деді ол сол отырыста.

Амалы не керек, бұл іс сол селқос қаралған күйі кеткен екен. Әйтпесе, 20 ақпаннан 20 наурызға дейінгі жуан бір айдың ішінде біраз шаруаны атқаруға болар ма еді!



Үкіметтің сол күнгі отырысында су қоймаларындағы жинақталған судың қоры былтырғыдан жоғары екенін айтылды. Ол аз десеңіз, баяндама жасағандар «қар жамылғысындағы ылғал қоры кей өңірлерде көпжылдық орташа мәннен жоғары» деп мәлімдеген. Осынау адам ұқпас кеңсе тіліндегі мәлімдемелі ауызекі сөйлеу мәнеріне ауыстырса, ол дегеніңіз жерде тоң бар деген сөз ғой. Әрі қыс ішінде неше қайтара жауын жауғанына куәміз. Қар аралас жауын-шашыннан соң көктемде күрт еріген қызыл су жерге сінбей арты селге айналды. Бейқам отырған жұртшылықтың мал-мүлкі тасқынға ағып кете барды.

Демек, көктемде алапат тасқын болатыны және оған дайындықтың да шамалы екені ерте бастан мәлім болды. Кабинетте атқарушы биліктің аузымен айтылған тапсырма қызыл сөз күйінде қалып, өңірлерге жеткенше өңі қашты деген сөз. Жергілікті билік жоқ дегенде тұрғындарға ескерту жасап, малды қырға айдап, іске татыр мүлкікті қауіпсіз жерге жинатқыза берсе жұртшылық мұнша әбiгерге түспес пе еді, шығынға батпас па еді дейміз...

Су тасқынының астында қалған халықтың ортасына барған Мәжіліс

депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Мақсат Толықбай әлеуметтік желіге әкімдердің мұндай жағдайға мүлдем дайын болмағанын жазды. «Тіпті, кейбір аудан әкімдіктерінде қайық тұрмақ, 10 пар резенке етік табу қиын болып жатыр. Үкімет пен әкімдіктер арасында байланыстың жоқтығына, үйлесімді жұмыстың болмауына көз жетті», — деді ол. Демек, салғырттық пен бейғамдық жергілікті жерлерде қалыпты құбылыс деген сөз. Әйтпесе, қазір су басып жатқан аймақтарға қарғын су бірінші рет келген жоқ.

## ӨТКЕННЕН САБАҚ АЛМАДЫ

Жалпы, атқарушы билік өкілдері өткен күндердегі оқиғалардан сабақ алуды мүлдем қойған сынайлы. Сөз басында айтқанымыздай, көктемде аумақтарды су басу оқиғасы бірінші рет тіркелген жоқ. Тіпті, жылғалар суға толып, төңірекке жылым жайылған кез, сен жүрген сәт талай болған. Демек, әр оқиғадан сабақ алып, даяр отыру әр әкім үшін үйреншікті іс болуы керек еді. Алайда олай болмай шықты. Ал іс жүзінде ірі тасқынға соңғы 10-15 жылда бірнеше рет куә болдық.

2010 жылы Қызылағаш су қоймасы жарылып, 251 үй суға кетті, 45 адамның өмірі қиылды. 2011 жылы көктемде толассыз жауыннан БҚО-да 3 мыңнан астам үй су ортасында қалды. 2012 жылы Оңтүстік Қазақстанда су тасып, 100-ден аса елді мекен, автожол бойындағы 31 көпір қирады. 2014 жылы 31 наурызда Қарағанды облысында Көкпекті су бөгеті жарылып, топан су 5 адам мен 300 бас малды ағызып кетті. Ал 2017 жылы оқиға Ақтөбе мен Солтүстік өңір тұрғындарына қиын тиген болатын. Сол Ақтөбеде биыл тағы да қарғын су бұқараны әурелеп жатыр. Солтүстік Қазақстанда да қауіпті аумақтар бар. Бірақ қыс бойы әкімдер дайындықтың жақсы екенін айтадан танбады. Енді сол даярлықты су сынайтын түрі бар.

Ең қисынызсыз тұсы, су тасқындарынан кейін бірде-бір алдын алу шаралары дұрыс ұйымдастырылмаған сияқты. Шамасы, біздің атқамінерлер су тасқынының алдын алу дегенді қапқа салған құм, қайла-күректі даярлап қою деп ұғатын сияқты. Әйтпесе, ғарыштан мониторинг жасап, көмірлердің маңына мұзжарығш нысандар бекітіп, жолдардың астындағы су өткізетін құбырларды кеңітіп, қырдан келетін судың табиғи

ағыс жолын жылда тазартып, қажет жерін бетондап тастаса болар еді ғой. Қызылағашты су алғаннан бері 14 жыл, Көкпекті бөгеті жарылып, жұртты дүрліктіргеннен бері 10 жыл, Ақтөбе мен СҚО-дағы тасқыннан кейін де 7 жыл өтті. Бұл дегеніңіз берік бөгендер, каналдар салып, біраз жерде тасқынға қарсы нысандар орнатуға толық жететін уақыт еді. Су тасқыны жайлы асықпай-үсікпей зерттеу жасап, соның қорытындысы негізінде нақты шара қолдануға да жететін мерзім. Бірақ біз тағы қапы қалдық.

## ШЫҒЫН ӘЛІ БЕЛГІСІЗ

Биылғы төтенше жағдайдан келген шығынның нақты есебі әлі белгісіз. Десе де, 2014 жылы бір ғана Қарағанды облысындағы Көкпекті бөгеті жарылғанда маңайындағы елді мекенге 87,6 млн теңге материалдық шығын әкелгенін ескерсе, биылғы бірнеше өңірде жоғалтқанымыз онайға түспесі айтпасақ та түсінікті шығар.

Әзірге қолда бар дерек бойынша, тасқын су 40 автожол мен көпірді, оннан астам ауылды шайып кеткен. Құтқарушылар 11 мың адамды эвакуациялады.

Кеше Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен су тасқынына қарсы шараларды үйлестіру және қарғын су жүру кезеңінің салдарын жою жөніндегі республикалық штабтың отырысы өтті. Мемлекет басшысы су тасқынынан зардап шеккен адамдарға барлық тиісті көмек көрсетілетінін жеткізді. «Азаматтарға айтарым, алаңдамаңыздар. Мемлекет, сондай-ақ кәсіпкерлер барлық шығынды өтеп береді. Бірақ қаржылық және саяси шығындар орасан зор. Оны да ескеру керек. Сондықтан Үкіметке жүктелер жұмыс көп. Қысқасы, талап қатан болады», — деді Президент.

Бұл мақсатқа Үкімет пен әкімдіктердің резервін ғана емес, «Қазақстан халқына» қорының қаржысы да пайдаланып болады. Әрине, Үкіметтің резерв қорындағы қаражат та қазына ақшасы. Кей деректерде оның қазіргі мөлшері 320 млрд теңге екені айтылды. Қазірдің өзінде еліміздегі кәсіпкерлер, қаржылық ұйымдар, жалпы жұртшылық қаражат жинап, зардап шеккен өңірлерге көмек жіберіп жатқаны мәлім. «AMANAT» партиясының аймақтардағы өкілдері де көмек түрлерін ұйымдастырып, партия мүшелері ел ішінен табылау.

Ендігі негізгі мақсат — тасқыннан келген зардапты толық есептеп, әрбір бөлінген тиынды тиімді жұмсау.

## АЙТАР ОЙҒА АЙҚЫНДАМА

**Ерлан БАДАШЕВ,**  
гидротехник:

— Кеңес үкіметі кезінде ел тұратын мекендер арнайы қоршалып, сыртына топырақ үйіліп, ор қазылатын. Ауылдың сыртындағы өзен-көлдер тасығанда келетін қарғын сулардан қорғану мәселесі қарастырылатын. Қазір олардың барлығы бітеліп қалған. Егер тасқын себебінің алдын алсақ, салдарынан келетін шығынға батпас едік. Мәжілісте Су кодексі қаралып жатыр. Осы кодексте селден қорғану, қар суын тиімді пайдалану нормалары нақтыланып, жауапкершілік анықталуы керек. Су ресурстары және ирригация министрлігі мен Төтенше жағдайлар министрлігі стратегиялық құжат әзірлеп, тұжырымдама қабылдасын. Сондай-ақ, маман ретінде айтамын, елде қажет гидротехникалық жабдықтардың 90 пайызы бар. Тек оларға инвентаризация жасап, түгендеп, жөндейтіндерін жөндеп, жанарту керек. Су қоймасын салу деген асығыс қарайтын іс емес. Оған көп қаражат кетеді және оны қай жерге салуға болатынын да айту қиын. Рас, Жамбыл облысына үш қойма салуға болады. Тағы таулы аймақтарға салуға болар, ал жазық жерде жаппай салудың реті аса жоқ. Жазық жердегі қойманың суы бумен-ақ ұшып кетеді. Оданша елде бар инфрақұрылымды жөндеп, түгендесе көп ұтамыз.



**Амалбек ТШАНОВ,**  
Мемлекет және қоғам қайраткері:

— Облыс әкімдері өздеріне жүктелген міндетті лайықты атқармай отыр. Себебі көбінің бойында кәсібилікті былай қойғанда, тазалық жоқ. Ол тазалық — ел алдындағы, туған халқының алдындағы міндет. Кеңес кезінде облыстарды басқаратын кадрлардың дайындығы аса жоғары болатын. Өмір көрмеген, шаруашылықтың қырын білмеген адам жоғарғы қызметке, лауазымға лайық емес деп саналды. Облысқа әкім болып бардың ба, министрлікке келдің бе — алдында үлкен жауапкершілік түр деп біл. Халыққа шынайы қызмет көрсете білу де өнер, үлкен тәжірибе. Меніңше, осы жолғы көктемгі дайындыққа жауапсыз қараған тұлғалар толық жауапкершілікті алып, мойнымен көтеруі тиіс. Бұл оқиға алдағы жылдарға сабақ болуы тиіс.



**Ерік БРАЛИН,**  
Қоянды ауылының тұрғыны, жергілікті қоғамдастық мүшесі:

— Дәл қазір көпшілік болып ауылдың ішіне кірген суды сыртқа қарай ағызып, ашық далада жұмыс істеп жатырмыз. Біздің Қоянды ауылы Астананың іргесінде жазық жерде тұр, жыл сайын көктемде су алады. Ауылдың маңайында өзен де, көл де жоқ. Яғни, табиғи апат, өзен суы арнасынан асып, ауылға келді деуге себеп жоқ. Былтыр ауыл тұрғындары болып осы мәселені облыс әкімі Марат Ахметжановқа видеоүндеу арқылы жолдап айттық. Алайда онымыз өзімізге таяқ болып тиді, «адам жиналындар, қоғамдық тәртіпті бұздыңдар» деген желеумен 50 АЕК көлемінде айыппұл салып, өзімізді қудалады. Қоянды жылыда су алып кетуінің екінші себебі — қыста ауыл ішін қардан тазарту жұмыстары дұрыс жүргізілмейді. Қар күреуге деп бөлінген теңдер қаржысын беруде жемқорлық фактілері көп. Ақша бөлінеді, жұмыс істемейді. Үшіншіден, арықтар мәселесі. Қояндыда су ағарлар жоқ, арықтар салынбаған. Осы үш бірдей адамды фактор Қоянды ауылын суға кетірді.

Бауыржан БАЗАР

Бұрынғының адамы табиғаттың тілін түсіну арқылы түрлі қауіп-қатерден сақтанып баққан. Ал қазіргідей жерді қашықтан зондау технологиялары секілді инновациялық мүмкіндіктерге қол жеткізе отырып, еріген қар суынан зардап шегу ақылға қонымсыз. Биылғы көктемнен келер қауіпті алдын ала болжап білсек те қазіргі ахуал қамсыз қалғанымызды көрсетіп отыр.

Осыған дейін Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Сергей Пономарев Үкіметке жолдаған депутаттық сауалында «217 елді мекен су басу қаупі бар, бұл — 86 мыңнан астам үй. Бір үйді су басқанының өзін қиындық, ал біз бүгін жарғы миллион адамның өмірін қатерге тігіп отырмыз» деген болатын.

Былтыр ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығына арналған жерсеріктік талдау орталығы EOS Data Analytics (EOSDA) Қазақстандағы еріген су проблемасына қатысты есебін жариялап, ерте көктемде қардың қарқынды еруі ауыл-аймақтарға қауіп төндіретінін жеткізген еді. Құжатта еліміздегі «1 806 гидротехникалық құрылыстың техникалық жағдайы қауіпті, оның 471-і күрделі жөндеуді қажет ететіні, сонымен бірге мемлекет тарапынан қолдаудың болмауына байланысты бұл құрылыс-

# САҚТАНСАҢ, САҚТАЙДЫ

тардың техникалық жағдайын нақты бағалау қиынға соғатыны» баяндалған.

Елімізде жазда су жетіспеуінің, ал көктемде су тасқынынан зардап шегетінімізді су шаруашылығы мамандары жиі айтады. Дегенмен суды тиімді басқару мен оны үнемдеу тетіктері әлі де болса жолға қойылған жоқ. Депутат Сергей Пономарев Үкімет пен әкімдіктер су тасқынының алдын алу жұмыстарын толық атқармады деп сын тақты.

— Бұл, ең алдымен, гидротехникалық құрылыстар жүйесін құру және қолдау бойынша жүйелі дайындық жұмыстарының болмауына байланысты. Су шаруашылығы нысандарының желісі үнемі бақылауды, күтімді, жөндеуді және ең бастысы, жанартуды қажет етеді. Биылғы ақпан айында ТЖМ деректері бойынша еліміздегі 537 гидротехникалық құрылыс жөндеуді қажет етеді, оның сегіз — иесіз құрылыстар. 200-ден астам бөгеттің төлқұжаты жоқ және олардың техникалық қауіпсіздік деңгейі анықталмаған. Су қорғау белдеуінде заңсыз құрылыс салу мәселесі де күн тәртібінде тұр, — дейді Мәжіліс депутаты.

Агроэксперт Кирилл Павлов жылына Ертіске ағып кететін 23-25 миллиард текше метр суды ауылшаруашылық жерлерін суару арқылы пайдаға асыруға



болар еді деген пікірде. Бірақ ол үшін арнайы су қоймаларын салып, жинақтау қажет. Ал экономист Сапарбай Жобаев су шаруашылығындағы мұндай маңызды нысандарды салуды жеке инвесторларға тапсырған абзал дейді.

— Америкада балықтарға экологиялық жағынан кері әсер етеді деп кейбір су қоймаларын бұзып жатқан көрінеді. Дегенмен біздің елде осындай далалы аймақтарда, жазық жерлерде еріген қар суынан қорғану мақсатында су қоймаларын салу дұрыс шешім деп білемін. Мысалы, дамыған өркениетті елдерде су

шаруашылығы нысандарын жеке инвесторлардың басқаруына беру арқылы жемқорлықтың алдын алып отыр. Ал егер жауапкершілікті жергілікті басқару органдарына жүктейтін болсақ, мұндай маңызды объектілер иесіз қалады. Сондықтан мемлекеттің балансына қайтарылса, керісінше, нағыз жемқорлыққа жол ашылатынын түсіну қажет. Дүниежүзінде жеке инвесторлардың күшімен салынған нысандарды сақтандыру мәселесі де жақсы қамтылған, — дейді сарапшы.

Сақтандыру компаниялары тәуелсіз болғандықтан, өз талаптарына сәйкес

тұрақты тексеріс жүргізіп отырады, нысанның қауіпсіздігін жіті бақылауында ұстайды. Маманның пікірінше, сақтандыру құрылыс саласындағы сапаның стандарттарға сай болуына да септігін тигізгіп, заңсыздықтардың алдын алар еді.

— Кеңес дәуірінде тоталитарлы мемлекет болды дегенімен, соның өзінде ғимараттарды, бау-бақша ағаштарын ірі-қара малды сақтандырушы еді. Бұл — дүниежүзілік тәжірибе. Ол кездегі сақтандыру компаниялары биліктің қолында болатын. Қазіргі сақтандыру компаниялары жекеменшікке тиесілі. Десе де, олар да үйді немесе шаруашылықты сақтандыру барысында өздерінің талаптарын қояды. Қарапайым ғана оның қандай құрылыс материалынан салынғанынан бастап, орналасқан жеріне дейін, яғни су тасқыны орны алуы мүмкін аумақтардан тысқары орналасқан болуы керек дегендей нақты шарттарды талап етеді. Мұның бір тиімді тұсы кез келген табиғи апаттан зардап шеккен азамат сақтандырудан алған өтемақысы арқылы ары қарай тұрмысын түзейді. Мәселен, Еуропа, Америкада қаншама табиғи апат болып жатса да, азаматтары мемлекетке қолын жаймай, 70-80 пайызға жуық шығынын сақтандыру компаниялары арқылы өндіріп алады, — дейді ол.

Кәмила ЕРКІН



Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бағалауы бойынша, жыл сайын әлемде 2-17 жас аралығындағы 1 миллиардқа жуық бала физикалық, жыныстық немесе эмоционалдық зорлық-зомбылыққа ұшырайды. Зерттеушілер зорлық-зомбылық балалардың болашақ өміріне, нақтырақ айтсақ, денсаулығы мен әл-ауқатына, айналасымен қарым-қатынасына әсер ететінін айтады. Ресми статистикаға сүйенсек, 2022 жылы балалардың өз-өзіне қол жұмсау дерегі бойынша 155 жағдай тіркелсе, 2023 жылы еліміз суицид көрсеткіші бойынша 178 мемлекеттің ішінде 19 орынға тұрақтаған.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Бала құқығы — қазіргі қоғамда өзекті әрі түйіні тарқамаған тақырыптың бірі. Оның бір себебі — отбасындағы зорлық-зомбылық мәселесі. Психолог мамандар отбасындағы зорлық баланың психологиялық ахуалына әсер ететінін, кейінірек оның қоғаммен ашық қарым-қатынасына кедергі келтіретінін айтып дабыл қағады. Осыған дейін де біз газетімізде бала құқығы мәселесін көтерген едік. Естеріңізде болса, таяуда Алматы қаласындағы балабақшалардың бірінде балалардың топ ішінде бір баланы соққыға жығып жатқаны туралы видео әлеуметтік желіні шарлаған еді. Өкініштісі сол, соққының әсерінен замандастарынан зәбір көрген бүлдіршінің миы шайқалған. Кейіннен балабақша әкімшілігінің бұйрығымен түскі ас алып келу үшін шығып кетіп, балалардың іс-әрекетін қадағалай алмаған тәрбиешіге қатан сөгіс жарияланғаны белгілі болды. Ал Алматы қалалық Білім басқармасы балабақша менгерушісіне тәртіптік жаза қолданылғанын хабарлады. Осыған ұқсас балаларға қатысты зорлық-зомбылық фактілерінің көбеюі қоғам алаңдаушылығын одан сайын арттыра түскендей. Адам шошырлық мұндай трагедиялар нәліктен елімізде жиі кайталанатын? Қатігездік қазақстандықтардың әлеуметтік ортасына қалай енеді? Бала құқықтары жөніндегі экс-уәкіл, қоғам қайраткері және «Милосердие» Ерікті қоғамы» қоғамдық қорының басшысы Аружан Саин қоршаған ортаның жеке тұлға қалыптастырудағы әсері, сондай-ақ бала құқығын тиімді қамтамасыз ету тақырыбы төңірегінде пікірін бөлісті.

#### «МАУГЛИ СИНДРОМЫ»



ғарыда қалыптасуына белгілі бір деңгейде ықпал етпей қоймайды.

— Балаларға қатысты қатігездік жағдайларының көбеюінің бір себебі — қор-

# ОЙЫН БАЛАСЫН ОРТАСЫ БҰЗАДЫ



шаған ортаның көрінісі. Себебі мұнда жеке тұлғаның қалыптасуы жүреді. Әлеуметтану ғылымында атап өткендей, балалық шақ адам бойында моральдық нормалар мен құндылықтарды қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Қасқырлар арасында өскен бала олардың өмір сүру салтын қабылдайтын «Маугли синдромы» сияқты, адамның мінез-құлқы да оның балалық шағында қандай нормаларды сіңіргеніне байланысты. Баланың ортасы оның мінез-құлқына міндетті түрде әсер етеді. Егер бала айналасынан жағымсыз мысалдарды жиі көрсе, сондай-ақ баланың жетістіктері сыртқы ортадан қолдау таппаса, олардың қоғамдағы мәртебесін агрессивті көріністермен анықтауға болады. Мұндай жағдайда балалар «қауіпсіз» болып көрінетін қоршаған агрессивті ортаға қосылуы арқылы ең аз қарсылық жолын таңдай алады. Бұл тұрғыда баланың азғындық және қатыгездік әрекеттеріне көмектестіретін балалар ғана емес, сонымен қатар осындай жағдай туғызатын үлкендер де жауапты, — дейді ол.



*Балаларға қатысты зорлық-зомбылық оқиғаларын тиімді шешу үшін ата-ананың, қоғамның және мемлекеттің бірлескен қиы-жігері қажет. Бастан өткерген тәжірибе балаларға қатысты зорлық-зомбылық жағдайларының негізгі тамыры олардың даму мүмкіндігінің жоқтығында жатқанын көрсетеді.*



— Бұл ересектер кімдер және мұндай жауапкершілік кімге тиесілі деген сауал туындайды. Баланың адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру 50-50 пропорциясы, яғни ата-ана мен мемлекеттің жүйеге тікелей байланысты. Отбасында да, қоғамда да баланың дамуына, оның бойына дұрыс құндылықтарды сіңіруге және әрбір баланың өз мүмкіндіктерін ашуға жағдай жасау маңызды. Сонда ғана қоғамдағы зорлық-зомбылық деңгейін төмендетіп, болашақтағы тұрақтылығын қамтамасыз етуге болады. Полиция департаменті ата-ана мен тәрбиешіге қа-

тысты іс қозғады. Дегенмен жастайынан осындай қатыгездікке қабілетті болып өскен балаға, төбелеске қатысқан өзге де балаларға қандай шара қолдану қажет? Балаларға мұндай мінез-құлықтың дұрыс емес екенін түсінуге қалай көмектесе аламыз? Ең негізгісі, бұл жұмысты кім атқарады? Бала тәрбиесімен айналысатын ересектер бұл тапсырманы орындай ала ма? Меніңше, басты мәселе — осында, — дейді А.Саин.

Бала құқықтары жөніндегі экс-уәкіл осыған дейін де сарапшылар қауымдастығымен бірлесіп отырып елімізде бала құқықтарын қамтамасыз етуге бағыттал-

кететін жайт, мектеп формасын қамтамасыз ету реформасы негізінен балалар арасындағы теңсіздікті жоюға бағытталған. Бұл қорлаудың алдын алудың басты факторы болып саналады. Алайда біршама мемлекеттегі ахуалға ұқсас, біз де білікті кадрлар жетіспеушілігі мәселесіне тап болдық. Бұл жоспарланған реформаларды жүзеге асыруда қиындықтарға ұрындырып, оларды тиімді жүзеге асыру жолында кедергілер тудырады. Мұндай кедергілерге қарамастан мен сауатты жоспарлау, басымдықтарды нақты анықтау және шешім қабылдаушы лауазымды тұлғалардың жауапкершілік танытуы реформалардың қысқа мерзімде сәтті жүзеге асырылуын қамтамасыз ете алатынына сенімдімін. Білік мемлекеттік инвестициялардың негізгі нысаны балалар екенін түсінуі, олардың қоғамдық әл-ауқат контекстіндегі басымдылығын мойындауы маңызды, — дейді маман.

#### «БАЛАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫ ҚАЙТА ҚАРАУ ҚАЖЕТ»

Осы тұста елімізде заңнаманы нығайту және балаларға қатысты қылмыстар үшін жауапкершілікті арттыру өзекті екенін атап өткен жөн. Бірақ оның салдарымен күресу тек жазануы қатаңдатуы ғана емес, сонымен бірге зорлық-зомбылықтың кез келген түрін алдын алуға, азаматтарды, әсіресе балаларды тәрбиелеуге деген мемлекеттік көзқарастағы түбегейлі өзгерістерді талап етеді.

— Балаларға қатысты зорлық-зомбылық оқиғаларын тиімді шешу үшін ата-ананың, қоғамның және мемлекеттің бірлескен қиы-жігері қажет. Бастан өткерген тәжірибе балаларға қатысты зорлық-зомбылық жағдайларының негізгі тамыры олардың даму мүмкіндігінің жоқтығында жатқанын көрсетеді. Сүйікті спорт түрлерімен, шығармашылықпен айналысу үшін қолдау мен мүмкіндіктің болмауынан балалар желідегі қауіп-қатер, нашақорлық, алкогольге тәуелділік сияқты қауіпті факторларға ұшырауы мүмкін, — дейді Бала құқықтары жөніндегі экс-уәкіл А.Саин.

Сөз соңында Аружан Саин зорлық-зомбылықтың себептерін жою үшін балаларға қатысты мемлекеттік саясатты қайта қарау қажет екенін түйреп өтті. Балаларды барынша пайдалы іспен айналысуға итермелейтін, олардың қабілеттерін дамытып, таланттарын анықтайтын жүйе құру — әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті, экономика, ғылым және технология саласында өсуге ынталы, сапалы адами капиталды қалыптастыруға ықпал етеді. Аружан Саинның айтуынша, осындай ұрпақ қана тұрақты моральдық құндылықтар мен бір-бірінің құқықтарын құрметтейді. Бұл өз кезегінде қоғамдық қауіпсіздікті және ұлттық тұрақтылықты қамтамасыз етуге көмектеседі.

Алматы қаласы

# ЕСТЕ ДЕ, ЕСЕПТЕ ДЕ ЖОҚ ЕСКЕРТКІШТЕР

«Ауылдың аты әкеме, көшенің аты көкеме». Иә, бұл бұған дейінгі жершілдік пен елшілдікке бөлінгендердің үндеп келген ұраны болған. Алайда ономастикалық комиссия еркінсігендердің есін жиып, жүгенсіз кеткендерді жөнге салған еді. Енді ауыл мен руға бөлінген ағайын батырлары мен бабаларына ескерткіш тақта қоюды сөнге айналдырды. Ал бұл қатарда Жамбыл облысы еліміз бойынша көш бастап тұр.

Саятхан САТЫЛҒАН

Біз мұны ауадан алып, әлде көктен ойлап тапқанмыз жоқ. Жылдар бойы түзілген статистика солай сөйлеп тұр. Мәселен, Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және қалпына келтіру дирекциясының директоры Қуаныш Дәурембековтің айтуынша, 2009 жылға дейін өңірде 1 079 ескерткіш болған екен. Ал қазір олардың саны 3 468-ге бір-ақ жеткен. Яғни, 15 жылдың ішінде ескерткіштер саны үш есеге өскен. Сонда әр бес жылда бір мыңнан аса ескерткіш бой көтеріп жатыр деген сөз. Ал оның басым көпшілігі белгілі бір рудың не жеке азаматтың ата-бабасына арналған ескерткіші болып жатқанына не дерсін?

— Қазір қалталы азаматтар ескерткіш орнатуға әуес болып алды. Бірі ата-бабасына, енді бірі белгілі бір тұлғаларға ескерткіш қойғысы келеді. Кейбір қоғамдық ұйымдар өз қаржысына ескерткіш орнатқысы келетінін айтып, бізден заң аясында қолдау көрсетуді сұрап жатады. Ал біз мемлекеттік мекеме болғандықтан кез келген адамның, ұйымның арыз-шағымы мен ұсынысына жауап беруге міндеттіміз. Содан барынша айтып, түсіндіріп жатамыз. Кейбір азаматтар бабасына құрмет көрсетуді ескерткіш қою деп түйсінеді. Ал бабасы елге еңбегі сіңген танымал азамат болса мақұл-ақ. Белгілі бір ауыл не өңір



жұрты ғана танытын аталарына тас мүсін қоюды бақталастыққа айналдырып алғандар көп. Осылайша, өзара бәсекелестікке түскен дөкпейлер бірінен-бірі асып түсіп ескерткіш орнатуға, — дейді Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және қалпына келтіру дирекциясының директоры Қуаныш Көрібайұлы.



Мамандардың айтуынша, қазір тіпті әр аудан мен ауылдық округ әкімдері «өзім білемге» салып, қолында ешқандай құжаты жоқ азаматтарға ескерткіш пен мемориалдық тақта орнатуға рұқсат беріп, заңсыздыққа барып жатыр екен.

— Біздің мекеме қай жерде ескерткіш заңсыз орнатылды, тіпті қай елді мекенде артық немесе кем екеніне дейін зерделеп отырады. Сол бойынша тиісті органдарға хаттамалық тапсырма беріледі. Көп жағдайда заңсыз ескерткіш орнатуға аудандық не ауылдық округ әкімдері рұқсат бергені анықталуда. Мәселен, Т.Рысқұлов ауданының Көгершін ауылында ескерткіштің



заңсыз орнатылуынан ауыл әкіміне әкімшілік шара қолданылды. Ал Сарысу ауданында 8 ескерткіш заңсыз орнатылғаны белгілі болып отыр. Қазір аталған ауданда республикадан арнайы комиссия келіп, тексеріс жұмыстарын жүргізуде. Ескерткіш талапқа сай болса ғана мемлекеттік тізімге алынады. Ал мемлекеттік тізімге алынған ескерткіш арнайы қорғалады. Басқа жағдайда заңсыз қойылған ескерткіш алынып тасталады. Қазірге дейін облыс әкімдігі Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының тарапынан аудандарға ескерткіштерді жоспарсыз орнатуға байланысты хат жолданып тұрды. Яғни, мерейтой иесіне болмаса мерекеге байланысты тас мүсін, ескерткіш белгі орнату үшін алдын ала 2-3 жыл бұрын жоспарға енгізілуі талап етіледі.

Мәдениет және ақпарат министрлігінің жанынан ескерткіштердің талапқа сәйкестігін тексеру үшін арнайы мемлекеттік комиссия құрылған. Комиссия орнатылатын әрбір ескерткішті екі кезең бойынша қарайды. Мысалы, жуырда Семей ядролық полигонынан зардап шеккендерге ескерткіш қою бойынша ұсыныс келді. Біз осы секілді ұсыныстардың барлығын жинақтап, облыс әкімінің орынбасары деңгейіндегі тұлғаларға қол қойызып, мемлекеттік комиссияға жібереміз.

Бірінші кезеңде комиссия ескерткіштің қоғамға қаншалықты пайдасы барын, жастарға тәрбиелік тұсын және ұлттық идеяны қалыптастыру жағын сараптайды. Бұл идеялық ұсынысты қолдау деп аталады.

Комиссия зиялы қауым өкілдерінен, академиктерден, тарихшылар мен мүсіншілерден құралады. Қаралу барысында идеялық ұсынысқа келісім беріледі немесе берілмейді. Комиссия қараған соң облыс әкімдігіне, біздің мекемеге хаттамалық тапсырма келеді. Ұсыныс мақұлданса, бірнеше нұсқада эскизі жіберіледі. Соның арасынан тандалады, — дейді Қуаныш Көрібайұлы.

Әрине, ескерткіштер ел тарихынан сыр шертіп қана қоймай, сол өңірдің немесе қаланың ажарын ашып, көрік бере түсері анық. Алайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқасев Ұлттық құрылтайда атап өткендей, белгілі бір өңірде ғана танымал тұлғаларға тас мүсін қойып, құрмет көрсеттім деу жасқылсақ апармайды. Сондықтан көшелер мен саябақтарды тас мүсіндермен толтырғанша, елге есімі белгілі, жасқылғы жұртқа аян азаматтарға құрмет көрсеткеніміз абзалырақ болар. Осыны жергілікті билік өкілдері мен қалталы азаматтар ескереді деп сенеміз.

Жамбыл облысы

# ҚАУІП ӘЛІ СЕЙІЛГЕН ЖОҚ



Баян ЖАНҰЗАҚ

Қарғын судан келген қауіп Атырау облысын тік тұрғызды. Қызылқоға ауданының орталығы Миялы ауылы судың ортасында қалып, 31 наурыз күні ауданда төтенше жағдай жарияланды. Сын сағаттағы алғашқы қадамдардың бірі – жергілікті тұрғындарды қауіпсіз жерге эвакуациялау болды.

Тұрғындарды қауіпсіз жерге көшіру үшін, үш эвакуациялық пункт белгіленді. Осылайша, 31 наурыздан 1 сәуірге ауған түні 600-ге жуық тұрғын эвакуациялық пункт ретінде бекітілген Ы.Шорекөв атындағы орта мектеп гимназиясы, Х.Досмұхамедов атындағы орта мектеп және «Нұр-Шуак» балабақшасына көшіріліп, әйел-балалар, науқас адамдар және І, II, III-топтағы мүгедектігі бар азаматтар Сағыз ауылына эвакуацияланды.

Су басу қаупімен Қызылқоға ауданы бірінші рет бетпе-бет келіп отырған жоқ. Бұған дейін тіпті, Төтенше жағдайлар министрлігі Қызылқоға өңірін су шаю қаупі бар ауылдар тізіміне енгізген болатын.

Қызылқоға ауданы әкімдігінен білгеніміздей, су тасқынының алдын алу жұмыстары 18 наурыздан басталған. «Миялы ауылында бөгеттерді көтеру жұмыстары 18-і басталды. 28 наурыздан бастап аудан бойынша кезекшілік ұйымдастырылды. Ауыл іргесіне бөгет көтеру, қашыққа құм толтыру, жағаларды биіктету жұмыстарына 275 кәсіпкерлері, 48 полиция қызметкерлері, Атырау облысы төтенше жағдайлар департаментінің 110 қызметкері және 3 000-нан астам ерікті жұмылдырылды. Қазіргі уақытта жалпы ұзындығы 45,7 шақырым бөгет бар. Тасқын судың қауіптілігіне байланысты бүгінгі күні аудан бойынша 26 шақырым 350 метр болатын бөгеттерді көтерілуде», — деді Қызылқоға ауданы әкімінің орынбасары Жарас Есенғалиев.

1 сәуір күні күндізгі сағат 12.00-дегі ақпарат бойынша, Миялы ауылында су деңгейінің сәл түсуі байқалады. «Десек те, әлі қауіп бар. Қажетті қашықтар дер кезінде жеткізіліп, таратылып берілді. Бұрын мұндай көлемде су болған жоқ. Миялы ауылы аралдың ортасында қалғандай болды», — деді Жарас Есенғалиев.

Белгілі болғанындай, Ойыл өзені бойында орналасқан ауылдардан 2000-нан астам қой-ешкі, 400-ден астам мүйізді ірі қара, 138 жылқы, 20 түйе қауіпсіз аймаққа шығарылған. Ауылды топан су басудан құтқару жұмыстары тәулік бойы жүріп жатыр.

Қалыптасқан күрделі ахуалға байланысты, ана мен бала, егде жастағы тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Миялы ауылынан Атырау қаласына барамын деген тұрғындар үшін тегін автобустар жүріп жатыр. «БатысТехИнвест» ЖШС арқылы күніне үш мезгіл 247 тұрғын облыс орталығына тасымалдануда. Одан өзге,

# ҚЫЗЫЛ СУ ҚҰРСАУЫНДАҒЫ АҚМОЛА

«Апат айтып келмейді» деп жатамыз. Дегенмен биылғы су тасқынын іс жүзінде «айтып келді-ау» деуге де толық негіз бар. Бейқам жатқан жұртты зар илеткен биылғы көктемнің ауыр зардаптарынан қазір елдің барлық аймағында аса күрделі. Бірнеше ауылдар суға кетіп, жолдар мен көпірлер шайылып, қолдағы бар малы суға ағып кетіп жатқанда билік те, халық та еш қайран қыла алмады. «Тасқынға тосқын боламыз. Тастүйін сақадай сай өзіміз» деп «сайраған» облыс әкімдіктері мен Төтенше жағдайлар министрлігінен бастап, жергілікті ведомстволардың айтқан сөзінің қарғын судың деңгейі көтеріліп, су ауылдарды тұтастай басқан шақта көпе-көрнеу жалған екені айдан анық көрінді...

## Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ

Су тасқынының ауыр зардабын тартып жатқан аймақтардың бел ортасында Ақмола облысы да бар. Қазір облыстағы жағдай аса күрделі. Бірнеше елді мекендер қарғын судың астында қалып, баспаналарының ішіне дейін су кетті. Жолдары да суға кетіп, сыртқы әлеммен байланысы мүлде үзіліп жатса, бір жағында омбы болып үйілген қалың қардың әлі көбесі де сөгілмей, «қашан басталар екен!» деп нали күтіп жатқандар да баршылық.

Қыс бойы көктемгі су тасқынына әзірлік жұмыстарының «ойдағыдай» өткізіліп жатқанын басқалар сияқты Ақмола облысының да аудан әкімдіктері мен төтенше жағдайлар қызметі жоғарыға жеткізіп баққан. Облыста биылғы көктемгі су тасқынына бөлінген қаржының көлемі де аса қомақты. Миллиондар емес, бұл жолы облыста көктемгі су тасқынынан елді мекендердің «құрғақ» шығуы үшін бақандай 2 миллиард 239 миллион теңге бөлінген. Былтырмен салыстырғанда 77 пайызға көп болған. Жергілікті аудан және қала әкімдіктері облыс бойынша су тасқынының

тоқтатып қойып, ортақ істің басы-қасында жүр, — деді Алтынгер Баймұратова.

Ауданда ыстық тамақ жасауға келмесе де, қаржылай көмек көрсетіп жүрген бизнес өкілдері де бар. Тағамдар «Бақыт» мейрамханасында дайындалуда. Үздіксіз жұмыс істеп жүргендердің арасында Гүлзира Елеуғалиқызы да бар.

— Ел басына күн туғанда ерлеріміз етікпен су кешіп жүр. Танның атысы, күннің батысы жаға басында. Солардың бір-лесе істеген қарқынды жұмыстарының арқасында тасқынға төтеп беріп жатырмыз. Мен де өзімнің киім дүкенімнің есігін кілттеп, осы жерде жүрмін. Тек апаттан аман шықсақ екен, — дейді ауыл тұрғыны.

Қызылқоға ауданындағы су тасқыны туралы ақпарат сағат сайын өзгеріп жатыр. Дегенмен су басу қаупінің ортасында тұрған Миялы ауылында бөгеттерді көтеру, жаға нығайту, құм толы қашықтармен бекіту жұмыстары тәулік бойы үздіксіз жүріп жатыр.

Өкінішке қарай, су тасу қаупі Қызылқоға ауданы бойынша Сағыз, Аққора ауылдарында да сақталып отыр. Бұдан бөлек, Жылыой, Құрманғазы аудандарында да қауіп бар. Қазір көктемгі су тасқынына қарсы күрес шаралары Жылыой ауданында да жүйелі жүргізілуде. Жылыой ауданы әкімдігінің баспасөз қызметінің жетекшісі Ақмоншақ Әбілхасованың айтуынша, Жем ауылдық округі аумағында байқалған өзеннің қауіпті тұстары топырақпен биіктетіліп, нығайтылуда.

«Сонымен қатар Жемнің бойындағы Құржөм шлюзінің маңы, Құрсай өзенінің осал жерлерінде де осындай жұмыстар істелген. Бұдан бөлек, биылғы ақпан-наурыз айларында Құлсары қаласына қарасты Мешіт ауылының маңы, Қамысқөл жағалауы, «Атырау» шағын ауданы және Шоқпартоғай ауылының маңайындағы бузылған бөгеттер қалпына келтірілді. Қазір Қамысқөл жағалауының осал тұстары нығайтылып жатыр», — деді спикер.

Арнасынан асуы мүмкін деген болжам айтылып отырған Қиғаш, Шарон өзендері бойымен тасқынға қарсы салынған бөгеттердің ұзындығы 264 шақырымды құрайды.

Оның 158 шақырымы Қиғаш, 106 шақырымы Шарон өзенінің бойында орналасқан. Құрманғазы ауданы әкімінің кенесшісі Ернар Боранғалиевтің айтуынша, бүгінде Шортанбай, Көптоғай, Дыңғыз ауылдарының тұсында тұрғызылған дамбылардың аса қауіпті деп танылған учаскелерін бекемдеу жұмыстары жүргізілуде. Ауданда төтенше жағдай болғанда тұрғындарды қауіпсіз жерге көшіретін 26 тұрақты және 5 аралық эвакуациялық қабылдау бекеті жұмыс істеуде.

Әзірге, Атырау облысы бойынша ахуал осындай.



# ЖОЛАЙРЫҚ ЖАҚСЫ, ҚУРАҒАН АҒАШТЫҢ ОБАЛЫ КІМГЕ?

Шымкентте 2022-2023 жылдар аралығында қаланың көлік қозғалысын реттеудің кешенді жоспарына сай Бәйдібек би даңғылы мен Арғынбеков көшесінің қиылысындағы жолайрық құрылысы қарқынды жүргені белгілі. Алайда келешекте тұрғындарға пайдасы мол болар жолайрықтың құрылысы кезінде айналасындағы талай ғимаратқа, кәсіпкерлік нысандарға зиянын тигізгені рас. Осынау алып құрылыс жұмыстары кезінде жолаушылар мен жаяу жүргіншілер де талай қиындыққа душар болды. Есесіне, адамдарды біраз әбiгерге салған жолайрық бүгінде пайдалануға беріліп, жұрт кеңейген жолдың қызығын көруде. Алайда өкінішке қарай, құрылыс жұмыстары басталған кезде аумағы 117 гектар болатын дендробақтағы ағаштарға да үлкен шығын алып келіпті. Осынау жолайрық құрылысы басталған сәттен бері дендрологиялық саябақта 8 000-ға жуық ағаш құрап кеткен. Оның себебін мамандар құрылыс кезінде құбырлардың кесіліп кетуімен түсіндіреді.



Назгүл НАЗАРБЕК

«Былтыр жыл басында дендросаябақтағы ағаштардың неге құрап бара жатқанын түсінбей дал болған билік экологиялық сараптама жүргізуді тағайындаған. Осылайша, дендросаябаққа алдағы 2 жылда Индонезия, Корея секілді елдерден 10 түрлі ағаш, жалпы 500 түрлі көшет егіледі», — деп айтқан еді Шымкент қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасының сол кездегі басшысы Ержан Жолдасов. «Сондай-ақ мұндағы көгалдардың 40 пайызына тамшылатып суару технологиясы қолданылса, қалған бөлігіне автоматты суару жүйесі енгізіледі. Жалпы, биыл жыл соңына дейін дендросаябақ толығымен сумен қамтылатын болады», — деп сенімді жауап берген сол кезде.

Әлі күнге дейін дендросаябақты суландыру мәселесі шешімін таппай отыр. Бұл туралы қалалық қоғамдық кеңес мүшесі Мырзахмет Сынабаев қала басшысына жанайқайын білдірді. Ол қаладағы ең үлкен бақтың 3 жылдан бері сусыз отырғанын айтып, шырылдады. Дәл осылай жалғаса беретін болса, саябақтағы ағаштардың бәрі құрап қалатынын жеткізді. Көктем шығып, күн жылынды, тіршілік нәрі саналатын судан тапшылық болса, көшеттер нәрсіз қалмақ. Мәселе қоғамдық кеңестің кезекті отырысында да қаралды. Ал дендро саябақ басшысы Гүлнар Сапарымбет бұл мәселенің 3 жылдан бері өзекті болып отырғанын жасырмайды. Әйткенмен, жолайрық салынып жатқанда құбырлардың жа-

рамсыздану салдарынан болған бұл келенсіздіктің шешімі биыл табылып қалар деген үмітке саябақ басшысы. Гүлнар Бертайқызының сөзінен қанша дегенмен әкімдікке бағынышты мекеме болған соң аса наразылық байқалмайды. Керісінше, «биыл суды өз деңгейінде алатын шығармыз, проблема болмау керек» деп сенім білдіріп отыр. Әрине, лайым сенім ақталсын, былтыр ғана 500 түрлі көшет егеміз, оның 40 пайызына тамшылатып суару технологиясы қолданылса, қалған бөлігіне автоматты суару жүйесі енгізіледі деп нық сеніммен айтқан бұрынғы басшының кәбіл кимесе деп тілейміз. Еске сала кетейік, 1979 жылы Асанбай Асқаровтың бастамасымен пайда болған дендробаққа жалпы 600-ге жуық түрлі тал-дарак егілген. Қазір соның 200 түрі ғана көгеріп тұр.

Үшінші мегаполисте қыруар қаржы жұмсалып егілген көшеттердің көгермей көктей солатыны жиі қоғамдық пікір тұғырады. Әсіресе, осыдан 7-8 жыл бұрын 38 гектар аумақта «Шатқал» деген бағдарламамен ондағын мың ағаш көшеті егілген. Сөйтіп, 17 мың гектар аумақты халық демалатын орынға айналдыру көзделген. Бүгінде «Шатқалға» егілген ағаштардың 90 пайызы құрап, сұраусыз қалды. Қанғыбас иттердің мекеніне айналған аймақ қазір тіпті аянышты күйде. Алайда оған бас ауыртып жатқан билік көрінбейді. Өңірде мұнан өзге де көшеттердің құрап, солып қала беретіні, арагидік тұрғындардың ашу-ызасына тиіп жатады.

Шымкент қаласы

мен ауыл іші жолдарының аршылмай қалуының салдарынан өңірде елді мекендердің қарғын судың ортасында қалып, қарапайым халықтың ауыр шығынға батырған.

Өңірдегі ахуалды жіпке тізсек, жағдай төмендегідей. Күні кеше Елорданың тап іргесіндегі Қояндыда қардың уақытында



лымдарының жеке құрамында 398 адам, 73 техника бірлігі, 10 жүзу құралдары, 82 мотопомпа бірлігі бар. Тексеріс қорытындысы бойынша, көктемгі мүмкін болған су тасқынына азаматтық қорғаныс жүйесі әзір», — деген еді Ақмола облысы Төтенше жағдайлар департаментінің басшысы Қанат Доспаев.

Облыстағы тасқын судың орны толық жағдайға алып келуі мүмкіндігін AIQYN газеті өткен сандарында да бірнеше мәрте ескерткен-ді. Бірақ іс жүзінде облыстың түгелге жуық аудандарының елді мекендерінде қасат қардың шығарылмай, өзен арналары мен арықтардың тұзартылмай, апаттық жағдайға жеткен гидротехникалық құрылымдардың жөнделмей, күре жолдар

шығарылмауы салдарынан ондаған үй суға кетіп, ашынған халық күре жолдың бойына кесе-көлденен шығып, наразылық білдірді. Халықтың жайын түсініп, алдымен тасқын судан арашалаудың орнына заңды бұзып, жолға шығып жанжал көтерген жұртқа айыпшұл салынды.

Облыс орталығы Көкшетауда арнасы еш уақыт тазаланбай, түбі қамыс пен қысқа толған Қылыштық өзені тасып, қаланың вокзал маңы және элеватор аудандарында ондаған үйлер мен әлеуметтік маңызы бар нысандар су астында қалды. Төтенше жағдайлар қызметімен арқырап аққан суға бөген қойылғанымен, оның өзін су басып кетті. Салдарынан, аталған аудандағы су басқан үйлерде қалған 300-ге жуық

адам эвакуацияланды. Үйлерді су шайған-дықтан тұрғын үйлер электр жарығынан, жылу мен судан ажыратылды.

Өңірдің аудандарында да жағдай аса күрделі. Жылда су шайып ағып өбден тасқын судан жапа шегетін Атбасарда жылдағыдай Ынтымақ көшесі тұтастай суда қалған. Әзірге көп жерде қалың қардың әзірге мұрты бұзылмаған. Осы ауданға қарасты Сочинское ауылы да жылдағыдай қызыл судың ортасында қалып, іс жүзінде «аралға» айналған. Қазір Біржан сал ауданына қарасты Көлебас, Еңбек, Зеренді ауданында Алексеев, Жаманашы стансасы сияқты бірнеше ауылдар сыртқы әлеммен қатынасыз қалды.

## P.S.

Өңірде қалың боп жатқан қар әлі толық ерімегенін ескерсек, әлі қандай «тосын сыйдың» күтіп тұрғанын ойлаудың өзі қорқынышты. Тасқын суға бюджет қоржынынан миллиардтар бөлінгенімен, іс жүзінде ел бойынша, оның ішінде Ақмола облысында да арнайы қорлар ашылып, халық тағы да әдеттегідей өз-өзін құтқару үшін жылу жинай бастады. Тендермен миллиондар бөлініп, мердігер компаниялардың мұрттары майланғанымен, ауыл тұрғындары өз күштерімен тасқынмен күресіп жатыр.

Арнайы техника мен күш құрылымдарының жетіспеушілігі өкінішке орай тағы сезіліп тұр. Тасқын су көктемде ойранымызды шығарғанымен, жылдағыдай жаз уағында өзен-көлдеріміздің суала бастағаны да байқаймыз. Ауылдарда мал ішер су таппай, бақташылықпен айналысқандар су іздеп кететіні және бар. Кәтеліктен сабақ алып тасқын суды ежелден ағатын арналарын тауып, су қоймаларын тереңдетіп, өзен-көлдерімізге жібермесек, істің онала қоймасын іш сезді. Қыруар қаражаттың қайда кетіп жатқанының іс жүзінде тексерілетіні де өкінішті...

Ақмола облысы

Бүгінде қара шаңырақ Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры маусым сайын тұрақты көрерменін мазмұнды әрі тың қойылымдарымен қуанып келеді. Осы күнге дейін әкемтеатр сахнасында жарық көрген әрбір қойылым өз көрерменін тауып, көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді.

# «Күйеуіңізді САТЫҢЫЗШЫ...» —

## МҰҢЛЫ КОМЕДИЯ



Театр ұжымы жана қойылымдармен қатар осыдан бірнеше жыл бұрын сахналанған шығармаларға қайта дем беріп, заманауи нұсқада ұсынып келеді. Солардың бірі театрда осыдан жиырма жылдан аса уақыт бұрын сахналанған — «Күйеуіңізді сатыңызшы» қойылымы. Қойылымдағы басты кейіпкер Андрейдің ролін Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Бактияр Жожа сомдаған еді. Дегенмен қойылым қайта өңделіп, көрермен назарына жаңадан ұсынылғанына көп уақыт өте қоймаса да, келушілер саны толастаған емес. Театрға ат басын бұрған көрерменнің арасынан жастардан өзге қарияларды да кездестіруге болады. Мұны аталмыш қойылымға деген көрерменнің ықыласы мен ерекше ынтысы деп бағамдадық.

«Күйеуіңізді сатыңызшы» қойылымы ресейлік әйгілі жазушы, сатирик Михаил Задорновтың «Последняя попытка» атты шығармасына негізделген. Шығарманы қазақ тіліне аударғандар — Толымбек Әлімбаевті мен Оразхан Кенешбаев. Қойылымның мазмұнына тоқталсақ, күйеуіңізді асыға күтіп отырған Елена мерекелік кешкі ас әзірлеп жатады. Себебі бүгін ерлі-зайыптылардың шаңырақ көтергеніне тура жиырма жыл. Сол күні үйге кенеттен жас қыз келіп, күйеуіңізді арасындағы қарым-қатынас жайлы бәрін жайып салады. Соңында жас қыз Андрейді қатты жақсы көретінін, сондықтан күйеуіңізді 20 миллионға сатуын сұрап өтінеді. Қомақты қаражат ұсынған ашына күйеуіңізді бірге болу үшін кез келген соманы беруге дайын екенін айтып жалбарынады. Екеуінің арасындағы әңгіме қызып бара жатқан тұста үйдің отағасы да келіп қалады. Ашынасын өз шаңырағынан көрген ол бастапқыда таңғалып, қалай әрекет жасау қажет екенін білмей дал болады. Бір қызығы, отағасы бұл шешімге қарсы емес. Әрі қарай екі ортада күйеуіңізді саудаға салу басталады.

Койылым нүктесін қойып, қалың халық ақырындап тарқасқан сәтте біз режиссермен актерлік ұжымды сахна сыртынан іздеп бардық. Қойылым режиссері Қуаныш Мамытқалиев бірқатар сауалымызға жауап беріп, қойылым туралы пікірін бөлісті. Маңызды атап өтерлік жайт, «Күйеуіңізді сатыңызшы» қойылымы режиссердің дебюттік жұмысы екен.

— Михаил Задорнов — заңғар жазушы, сатирик. Ол жанұяда болатын жағдайларды нақты жаза білетін адам. Шығарманың идеясына келетін болсақ, мұнда отбасы құндылығы, сезім құндылығы, арадан қаншама жыл өтсе де адамның бір-бірін бағалай білуі, бауыр басуы іспетті маңызды дүниелер баяндалады. Бұл ешқашан ескірмейтін тақырып. Қойылым арқылы ерлі-зайыптылар бір-бірін аялап, қадірлей білуі керек деген ойды жеткізіміз келеді. Сені қадірлейтін адам қасында жүр, сондықтан оны уақытыңда көре білуің тиіс. Ол өмірінде сенің ыстығыңа да, суығыңа да көнген соң, екінші жартыңды

жарты жолда тастап кетпеуің қажет. Меніңше, бұл қай кезінде болмасын өзекті тақырып болып қала береді. Біз ескі пьесаны заманауи нұсқада қайта жаңғыртуға тырыстық. Бұл қойылымға көбіне жастар келетін болғандықтан, аудиторияны сол жас аралығына бағыттап қойдық. Өйткені жастарымыз осы қойылым арқылы өзінше ой түйсе, бірін-бірі бағаласа екен дейміз, — дейді режиссер.

Койылымдағы сахналардың бірінде ерлі-зайыптының бір-бірімен төбелесі көрсетілді. Сахнадағы осы көрініс пен актер тарапынан айтылған сөздер біздің санамызда сауал туындатқаны рас. Кейінірек дәл сол сахна жөнінде режиссердің өзінен сұрап білдік. Режиссер ерлі-зайыптының төбелесі арқылы біз ішкі арпалысты көрсеткіміз келді дейді.

— Сіз айттып отырған ер мен әйелдің төбелесі арқылы біз ішкі арпалысты көрсеткіміз



келді. Расында, қойылым арасында актер тарапынан аяқ астынан импровизация болуы мүмкін. Отбасындағы ер мен әйел қаншама рет ұрысса, бірақ бір-бірін жақсы көріп тұрса, олар ешқайда кете алмайды. Біз осындай ішкі арпалысты иллюстрация арқылы жеткіздік. Мәселен, «Мистер и миссис Смит» фильмінде Брэд Питт пен Анджелина Джолидің бір-бірімен төбелесі арпалық ретінде бейнеленген. Алайда осындай текетірес бола тұрса да, олар бір-бірін қимайды. Себебі бір-бірін жақсы көрді. Сондықтан біз де бұл сахнада кейіпкердің ішкі жан дүниесін көрсетуге тырыстық, — дейді ол.

Пьесаны қойылым ретінде сахнаға әзірлеу барысында режиссер актерлік құраммен бірге ақылдасқан. «Ең біріншіден, біз қойылым арқылы халыққа не айтқымыз келді? Осы сұраққа жауап іздедік», — дейді режиссер. Онымен қоса қойылымда заманауи трендтер де назардан тыс қалмаған. Режиссердің айтуынша, бұл — актердің ізденісі.

— Негізгі қырық жасқа келген жанұялар көбіне құбылады екен. Жиырма жыл бірге өмір сүріп келеді де, собын отбасында құбылу басталады. Бұл — табиғаттың заңдылығы. Сондықтан біз қойылымдағы ерлі-зайыптының жас мөлшерін қырық жас деп алдық. Кейінірек қойылымды неліктен жылдам ырғақта жасамасқа деген ой келді. Өйткені қазіргі заманның өзі жылдам ырғақта ғой. Әлеуметтік желілер кең қолданысқа енген уақытта заман ырғағына қарай бейімделіп, қойылымды бүгінгі темпте жасап көрейік деп шештік. Бұрын театрларда сахналанған уақытта қойылымда жас мөлшері елуден асқан отбасы бейнеленетін. Қойылымның негізгі түйіні мынадай: бұл өтпелі кезең, бір-бірінен ажырауға жол бермендер, бір-бірінді бағаландар. Өйткені алда әлі де өмірлерің бар. Мәселен, арада бала жоқ болса да, үміт бар емес пе?! Қандай тосқауыл болса да соңында махаббат жеңіп шығады, — деп сөзін түйіндеді қойылым режиссері К. Мамытқалиев.


«Күйеуіңізді сатыңызшы» — заманауи бағытта әзірленген қойылым болғандықтан,

сөйкесінше мұндай жаңа трендтер де театрда жиі қолданылатын тәсілдердің бірі. Мәселен, Тұңғышбай Жаманқұловтың «Турандот ханшайым» атты қойылымында қоғамда жаңадан пайда болған трендтерді барынша қолдануға тырысса, «Қожанасыр тірі екен» қойылымында да қазіргі заманын өзекті тақырыптары көрініс табады. Осы ретте басты кейіпкер Андрейдің ролін сомдаушы Ғалым Оспановтың әңгімеге тарттық.

— Қойылымға арқау болған өзекті тақырып бұрын да болған, қазір де бар, бізден кейін де бола береді. «Екі кемелің басын ұстаған суға кетер» дейді қазақ. Андрей Васильевич — қызметкер, іскер жан. Өмірде кім шалыс баспайды, кім сүрінбейді? Иә, басты кейіпкердің жас қызға көңілі ауды. Сондай-ақ бұл тұста жас қыздың балалығы мен шалалығын, жастығын да айта кету керек. Кім қазір үйіңізге келіп маған күйеуіңізді 20 миллионға сатыңызшы деп айтады? Ал отағасы жағдайдың бұлай боларын білген жоқ. Андрей менің театрда сомдап жүрген өзге кейіпкерлеріме ұқсамайды. Пьесаның түпнұсқа желісімен ойнайтын болсақ, шығармада сол кезеңге тән әзілдер бар. Қазіргі ағым бөлек, сондықтан заман талабына сай бүгінгі трендтерді қосуға тырыстық. «Күйеуіңізді сатыңызшы» — мұңлы комедия. Көріп отырған көрермен күліп отырып ойланады, — дейді басты рөлді сомдаушы.

Сөз соңында актерден қойылымға байланысты өзіндік түйген ойын да сұрап білдік. Театрдың белді актері мұндай жағдайлар шынайы өмірде қайталанба екен дейді.

— Жеке өзіміздің көзқарасымды айтар болсам, бұл жағдайға қарсы болар едім. Адам қосағымен қоса ағаруы керек. «Кіммен



қарайсаң, сонымен ағар» дейді қазақ. Сондықтан жарына деген адалдық, жаңына деген тұрақтылық — басты мәселе. Бірақ актер ретінде басты кейіпкердің бейнесін сахнада сомдайтын болғандықтан бұл менің мамандығым, міндетім. Театр сахнасында драма, трагедия, лирика, комедия болсын жанр талғамаймыз. Дегенмен жанмыз жақыны — драма. Комедия жанрында көбіне ұшқырлық, ой тапқырығы маңызды. Сондықтан импровизацияға баратын сәттер болады. Өйткені залда отырған көзі қарақты көрерменді де ойлаймыз, — дейді театр актері Ғ.Оспанов.

Койылым мазмұнынан ажырасу фактілерінің азайып, отбасын сақтап қалуға бағытталған идеяны аңғардық. Мәселен, 2022 жылдың қорытындысы бойынша елімізде ажырасу коэффициенті 1000 адамға шаққанда 2,27 болған. Ұлттық статистика бюросының дерегінше, 2020, 2021 жылдармен салыстырғанда коэффициенттің төмендеуі байқалады — көрсеткіш 2,56 және 2,54. Ал 2023 жылдың деректері алдағы сәуір айында жарияланады.

Алғұнай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,  
Алматы қаласы

## «АЛТЫН САҚА – 2024»: ФЕСТИВАЛЬ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Алматы қаласындағы Ғ. Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрында биыл алтыншы жыл дәстүрлі түрде театршілік фестиваль өткізді.



Фестивальдің мақсаты — өнер ошағындағы артистердің шығармашылық шабытын арттырып, театрдағы ең үздіктерді анықтау. Театр репертуарындағы 2023-2024 жылдары тұсауы кесілген жана қойылымдар қатысатын фестиваль Ұлыстың ұлы күнінде басталып, Халықаралық театр күнінде аяқталды. Мерекелік көңіл күймен басталған театршілік фестивальде наурыздың 23-27 күндері аралығында «Түкбүлмес», «Бернарда Альбаның үйі», «Тойы көп үйі», «Йерма», «Оптимистік трагедия» қойылымдары театршілік сыңға түсті. Әріптестер арасындағы жарыста жеңіске жетіп, үздіктердің арасынан алға шыққан жүлдегерлер лайықты марапаттар мен ақшалай сыйлықтарға ие болды.

Атап айтсақ, «Үміт» жүлдесімен — «Бернарда Альбаның үйі» спектакліндегі Адела ролі үшін Ұлжан Оразаева (200 000 тг) марапатталып, балалар қойылымындағы үздік бейне жүлде — «Кішкентай ханзаданың орталы» спектакліндегі Ханзада ролі үшін Айнурахан Орынбасарова (200 000 тг) және Үшқыш ролі үшін Нариман Егембеков (200 000 тг) жеңіп алды. Ал театр өнеріне қосқан үлесі үшін «Бернарда Альбаның үйі» спектакліндегі Бернарданың анасы, «Йерма» спектакліндегі Кемпір рөлдері үшін Құлжамилла Белжанова (200 000 тг), «Бернарда Альбаның үйі» спектакліндегі Понсия ролі үшін Тынышқұл Сұлтанбердиева (200 000 тг), «Тойы көп үйі» спектаклін-

дегі Гүлшара ролі үшін Хазима Нұғманова (200 000 тг) марапатталды.

Сондай-ақ Сағат Жылгелдиев атындағы арнайы жүлде — «Тойы көп үйі» спектакліндегі Қали ролі үшін Қуаныш Тұрдалиев (250 000 тг), Сейітхан Есенқұлов атындағы арнайы жүлде — «Тойы көп үйі» спектакліндегі Заңғар ролі үшін Сафуан Рысбайұлына (250 000 тг), Жанат Хаджиев атындағы арнайы жүлде — «Йерма» спектакліндегі Хуан ролі үшін Елдар Отарбаева (250 000 тг) табысталды.

Фестивальдің ерекше жүлделерінің бірі Әмина Өмірзақова атындағы арнайы жүлде — «Бернарда Альбаның үйі» спектакліндегі Бернарда ролі үшін Гүлжамал Қазакбаеваға (250 000 тг), Екінші пландағы ер адам бейнесі — «Оптимистік трагедия» спектакліндегі Вайнонен ролі үшін Мерей Әжібековке (250 000 тг), Екінші пландағы әйел адам бейнесі — «Бернарда Альбаның үйі» спектакліндегі Амелия, «Йерма» спектакліндегі Мария рөлдері үшін Динара Шымырбаеваға (250 000 тг) табысталды. Ерекше ізденісімен көзге түскені үшін Қасым Жәкібаев атындағы үздік ер адам бейнесі — «Оптимистік трагедия» спектакліндегі Сырылдак ролі үшін Мақсат Сәбитов (300 000 тг), Раиса Мұхамедиярова атындағы үздік әйел адам бейнесі — «Йерма» спектакліндегі Йерма, «Бернарда Альбаның үйі» спектакліндегі Августина рөлдері үшін Ақбота Рахат (300 000 тг) лайық деп танылды.

## 11 ЖОЛДАМА ҚОРЖЫНДА

2024 жылғы 28 тамыз бен 8 қыркүйек аралығында Парижде (Франция) өтетін XVII Паралимпиада ойындарына Қазақстан ұлттық құрамасы жолдамалар санын 11-ге жеткізді.

Туризм және Спорт министрлігі мәлім еткендей, Паралимпиада ойындарында спорттың 23 түрінен жарысу ұйымдастырылады. Қазақстан ұлттық құрамасы өзіндегі спорттың 9 түрін (пара жеңіл атлетика, пара пауэрлифтинг, пара таяқпен теннис, пара пауэрлифтинг, пара үстел тен-

нисі, пара жүзу, пара дзюдо, пара каное, отырып ойнайтын волейбол, пара нысана көздеу) өнер көрсетуді қоспарлап отыр.

Осы уақытқа дейін паралимпиадашылар 11 лицензия жеңіп алды. Атап айтсақ, отырып ойнайтын волейболдан ерлер құрамасы — 1, пара жеңіл атлетика бойынша ядро лақтыру — 1, пара жүзу — 3, пара каное — 1, пара пауэрлифтинг — 1, пара таяқпен теннис — 3, пара нысана көздеу — 1.

Сонымен қатар биыл Паралимпиадаға лицензия беретін 23 спорттық іс-шара жоспарланған.



Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор —  
Амангелді ҚҰРМЕТ  
Гүлзина БЕКТАС —  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары  
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —  
Шығарушы редактор  
Елдар ҚАБА —  
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ПАШАЕР:  
Абай АЛПЫСБАЙҰЛЫ —  
Ақмола облысы  
Алғұнай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫБАЕВ —  
Жамбыл облысы  
Әбдиев БЕЛГІБАЙҰЛЫ —  
Қарағанды облысы  
Назғұл НАЗАРБЕК —  
Шымкент қаласы  
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА —  
Батыс Қазақстан облысы  
Ербақыт ЖАҒАСБАЙ —  
Қызылорда облысы  
Баши ЖАНУЗАҚ —  
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:  
Коспирондтар,  
мекемелер үшін — 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін — 55102  
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БОЛМІ:  
8(711) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklama.aiqyn@gmail.com  
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БОЛМІ:  
8(711) 804-61-32  
podpiska.ai@gmail.com

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді  
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4435  
Астана қ., «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сметі көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114.

Газет аптасына 3 рет шығады